

Кімге: ҚР Преидентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалының профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты ЕСБЕРГЕН РАУШАН ӘКІМГЕРЕЙҚЫЗЫНА
Автордың аты- жөні және лауазымы: Темір ауданының білім бөлімінің сектор меңгерушісі ШАБИКОВА САНДУҒАШ РЗАБЕКҚЫЗЫ
Күні: 14.11.2024 ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: «Темір ауданының кәмелетке толмағандары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, үздіксіз тәрбие жұмысының негіздері».

Кілт сөздері: «тәрбие», «буллинг».

Кіріспе.

Тәрбие процесі бойынша аналитикалық жазбаның негізгі мақсаты – кәмелетке толмағандарды құндылықтар негізінде дамуын қалыптастыра отырып, құқықбұзушылықтың алдын алу.

Бұл жазба алдына келесі міндеттер қойылды:

- аудандағы кәмелетке толмағандарды тәрбиелеудің ағымдағы жағдайын зерттеу;
- білім беру ұйымдарында тәрбие тәжірибесінің көптүрлілігі үшін мүмкіндіктер жасау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытудың мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға отбасын, қоғамды, мемлекеттік ұйымдарды, бұқаралық ақпарат құралдарын тарту жолдары мен тетіктерін айқындау.

Негізгі бөлім.

Темір ауданының білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарында 16 мектепке дейінгі білім беру ұйымы, 27 жалпы орта білім беретін мектебі, 4 қосымша білім беру мекемелері қызмет етеді.

Жасөсірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жалпы білім беретін мектептерде жаңа оқу жылы басталғаннан бастап, 18 кездесу, 16 түнгі рейд, 2 аудандық семинар, 5 жалпы ата аналар жиналысы ұйымдастырылды.

Төмендегі 1- суретке сәйкес, аудан бойынша құқықбұзушылық профилактикасы бойынша күшті жақтары мен әлсіз жақтары келтірілді.

1- Сурет Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша мониторинг

Құқық бұзушылық және балалар қауіпсіздігінің профилактикасы

	Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
2024 жыл	<p>-Мектептер бейнебейнемен қабылданған.</p> <p>Дәретхананың іште орналасуы.</p> <p>Қосымша кабинеттеріне қарап үйірмелердің ұйымдастырылуы.</p> <p>Оқушылардың тәрбиелік деңгейін үнемі бақылауда ұстау.</p> <p>Жалпы құзырлылығының орын алмауы. Оқушылардың мектепшілік іс-шараларға жүйелі түрде атсалысуы.</p> <p>Мектепшілік тіпінде оқушылардың болуы.</p>	<p>-Оқушылардың бос уақытының тиімді жоспарланбауы.</p> <p>Құқықтық сауаттылықтың, мәдениеттің аз болуы.</p>
	<p>Мүмкіндіктер</p>	<p>Қауіптер</p>
	<p>-Оқушылардың бойындағы түрлі қасиеттерді анықтайтын психологиялық сауалнамалар жүргізу.</p> <p>Оқушылардың бойындағы патриоттық сезімдерін оятатын, рух беретін тәрбиелік шараларды көптеп өткізу.</p>	<p>Ата-ана тарапынан бақылаудың аздығы.</p> <p>Қағаз талаптың болыауы.</p> <p>Бала тәрбиесіне жауапкершіліктен қарамауы.</p> <p>Балалармен еркін қарым-қатынастың болыауы.</p> <p>Жасөспірімдерге құрбы — құрдастарының айтқан сөйлемін әсері көп және еліктегіш болуы.</p>
2023 жыл	<p>Күшті жақтары</p>	<p>Әлсіз жақтары</p>
	<p>Мектеп оқушыларының тәрбиелік деңгейінің жоғарылығы.</p> <p>Мектептегі жобалар.</p> <p>Қосымша кабинеттеріне қарап үйірмелердің ұйымдастырылуы.</p> <p>Оқушылардың Ата-ананы деген терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау.</p>	<p>-Ата-аналардың көбінесе мектеппен байланыстың аздығы.</p> <p>Жиналыстарға уақытышы қатыспауы, уақыт бөлмеуі.</p>
	<p>Мүмкіндіктер</p>	<p>Қауіптер</p>
	<p>Мектебінде баланың бос уақытын тиімді пайдалану және жасөспірімдердің құқықбұзушылығын алдын алу мақсатында оқушыларын қатыстыратын үйірмелерге қатысуы. (би, т б)</p>	<p>-Баланың бос уақытын тиімді пайдаланбау барысы мектеп оқушыларының тәрбиелік деңгейлерінің төмендеп кетуіне соғуы</p>

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы, заңдылық, кәмелетке толмағандарға ізгілікпен қарау, отбасын қолдау, арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж кәмелетке толмағандармен жеке жұмыс жүргізу бойынша жүзеге асырылады.

Ең алдымен өткен жылдың қорытындысы бойынша жасөспірімдер арасындағы қылмыс төмендегенімен, қылмыстар дерегі азаймай отыр. Атап айтқанда ұрлық – 1, төбелес – 3, буллинг - 18 дерек орын алды.

Ж.Керев атындағы ЖОББМ (2), Шұбарши мектеп-бөбекжай-балабақшасы (1), Саркөл ЖОББМ (4) есептегі балалар жаңа оқу жылынан бастап есептен алынса, **Қеңқияқ ЖОББМ (3), Шұбарши ЖОББМ (1), Қопа ЖОББМ (18)** оқушы полиция бөлімінің есебіне тіркелген. Ауданда алдыңғы жылмен салыстырғанда есепке алынған оқушылар саны **+3 есеге дейін артып отыр.**

Құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларға талдау жасалып, ықтимал өсу себептері анықталды.

Ең басты себебі – ата-ананың жұмысбастылығы және олардың тарапынан тиісті бақылаудың болмауы. Себебі орын алған 22 құқық бұзушылықтың барлығы сабақтан тыс уақытта орын алған.

Анықтама үшін: 2023 ж.9 айы – 7 қылмыс, 2024 ж.9 айы – 22 қылмыс
Екінші себебі, ол – жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығының төмендігі.

Үшіншісі, оқушылардың бос уақытын тиімді пайдаланып, мектепішілік, қосымша білім беру ұйымдарындағы үйірмелерге, спорттық секцияларға уақытылы қатыспауы.

Төртіншісі, әрине, білім беру ұйымдарында жүргізіліп отырған алдын алу шараларының тиімсіздігі.

Халықаралық тәжірибелер. Соңғы зерттеулер әлеуметтік-эмоционалдық дағдылардың оқушылардың академиялық үлгеріміне, кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтауына және ересек шақтағы жалпы әлауқатына оң әсер ететінін көрсетеді. Бірқатар елдерде (АҚШ, Сингапур) әлеуметтік-эмоционалды дағдылар білім беру стандарттарына тиімді түрде кіріктірілген. Сонымен қатар, қазіргі таңда құндылықтарға негізделген білім берудің маңыздылығы артып келеді. Сингапурдың оқу бағдарламасы оқушының құзыреттіліктері қамқорлық, адалдық, құрмет, төзімділік, жауапкершілік және үйлесімділік құндылықтарына негізделуі керек екенін атап көрсетеді. Қытай философиясына негізделген Гонконгтың оқу бағдарламасында «табандылық», «басқаларды құрметтеу», «жауапкершілік», «ұлттық бірегейлік», «міндеттеме», «адалдық», «басқаларға қамқорлық», «заңға бағыну», «эмпатия» және «еңбекқорлық» сынды құндылықтар негізі ретінде танылған. Финляндияның оқу бағдарламасы әрбір баланың бірегейлігі және олардың 8 сапалы білім алу құқығы, адамгершілік, теңдік және демократия, фин қоғамының мәдени әртүрлілігі және тұрақты өмір салтын қалыптастыру қажеттілігі сияқты құндылықтардың маңыздылығын растайды. Атап өтерлігі, халықаралық білім беру тәжірибесінде тәрбие мәселелері куррикулум сынды құжаттарға үйлесімді түрде кіріктіріліп, біртұтас педагогикалық үдерісті қамтамасыз етеді. Мысалы, Англиядағы пасторлық жүйе оқу бағдарламасымен тығыз байланысты және оқушылардың тұлғалық және әлеуметтік дамуына ықпал етеді. Шотландиядағы білімді адам идеалы «табысты оқушы, «сенімді тұлға», «тиімді қатысушы» және «жауапкершілігі бар азамат» сынды тұлғаның төрт қабілеті түрінде тұжырымдалған. Бұл мақсаттарға жету үшін оқу-тәрбие үдерісінің мүмкіндіктері, пәнаралық байланыстар, мектеп ұжымының өмірі мен оқушылардың жеке жетістіктері пайдаланылады. Сонымен қатар, оқу сауаттылығы, есептеу және денсаулық пен әлауқатты қамтамасыз ету сияқты үш білім беру аясы барлық мектеп қызметкерлерінің жауапкершілігі болып табылады. Ақыл-ойдың (ташикана гакурёку), ізгі қасиеттердің (ютакан кокоро) және дененің үйлесімді дамуы (сукоякана карада) - Жапония оқу бағдарламасының іргелі негізі әрі оған қоғамдық тамақтану, үйірме жұмыстары, оқушылар кеңесі сияқты шараларды ұйымдастыруға арнайы уақыт (токубетсу катсудо) бөлінеді. Жалпы алғанда, аталмыш жаһандық үдерістерді жеке

тұлғаның әлауқаты, оның жақсы қарым-қатынас пен жүйелі қолдау көрсетілетін әрі маңызды оқиғалар орын алатын жағымды білім беру ортасында толыққанды даму қажет деген идеялар біріктіреді.

Қорытынды бөлім.

Осы аталған мәселелерді жою бағытында **жаңаша бағыттағы жұмыс түрлері** жоспарлап жүзеге асыру:

1. Кәмелетке толмағандардың заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыруға, олардың бойына имандылық пен салауатты өмір салтының берік негіздерін дарытуға бағытталған жаңартылған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы білім беру ұйымдарының жұмыс тәжірибесіне енгізілген еді, осы бағытта жұмыстарды жандандыру;

2. Облыстық білім басқармасының KiVa-ның буллингке қарсы бағдарламасы аясында №4 Шұбарқұдық ЖОББМ жұмыс жасауда. Жоба мақсаты мектеп оқушылары буллингке ұшыраған жағдайда оны шешу жолдарын алдын алу әдіс – тәсілдерін көрсету және үйрету. Қазіргі таңда педагог қызметкерлер мен сынып жетекшілер, ата – аналарға семинар өткізіліп, KiVa бағдарламасы туралы түсінік және жұмыс жасау алгоритмдерін түсіндіру

3. Ағымдағы жылдың қыркүйек айында облыстың білім беру ұйымдарындағы буллингті зерттеу сауалнамасы жүргізу.

4. Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз жағдайлардың алдын алу бағытында *сабақтар барысында білім алушыларға интернеттегі қауіпсіздік, әлеуметтік желі мәдениеті мен ғаламторда әдеп сақтамаудың салдары мәселелері түсіндіру.*

7. Білім беру мекемелері тарапынан орын алған құқықбұзушылық пен қылмыстың себеп-салдарына толықтай талдау жасалынып, әр баланың, ата-ананың құқықтық жауапкершілігін арттырып, психологиялық, әлеуметтік қолдау көрсету;

8. *Әр аптаның белгілі бір күнінде мектептерде құқық қорғау органдарының өкілдері, заңгерлер және психологтардың қатысуымен "құқықтық сағат" өткізу. Бұл шарада құқықбұзушылықтың салдары, құқықтық нормалар және заң алдындағы жауапкершілік туралы кеңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізу.*

9. Түрлі подкастар түсіріліп, танымал тұлғалармен бірлескен шаралар ұйымдастыру.

10. Халықаралық зерттеулерге сәйкес, оқу бағдарламасын құндылықтарға негіздеу.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі: